

6D010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Асетова Жаннур Бахытовнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Қазіргі кезеңде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру мәселесі педагогикалық ғылым мен жоғары білім беру практикасының өзекті бағыттарының біріне айналып отыр. Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, жаһандану үдерістерінің күшеюі, ақпараттық кеңістіктің кенеюі және құндылықтар жүйесіндегі трансформация білім беру жүйесіне, соның ішінде мұғалім тұлғасына қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертуде. Осы жағдайда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығы тек пәндік және әдістемелік құзыреттермен шектелмей, оның кәсіби маңызды тұлғалық сапасы ретінде рухани мәдениетін мақсатты түрде қалыптастыру қажеттілігі Асетова Жаннур Бахытқызының «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуінің өзектілігін айғақтайды.

Диссертациялық жұмыс мазмұны жағынан логикалық тұрғыда жүйелі құрылып, кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Зерттеудің ғылыми аппараты талаптарға сай әзірленіп, диссертацияда мәселенің теориялық негіздерімен қатар айқындаушы, қалыптастырушы және бақылау эксперименттерінің мазмұны мен нәтижелері ұсынылған.

Диссертацияның бірінші тарауында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері ашылып, философиялық және психологиялық-педагогикалық тұғырлар тұрғысынан талдау жасалған. «Рухани мәдениет», «болашақ бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениеті» ұғымдары нақтыланып, рухани мәдениеттің құрылымдық компоненттері, оның қалыптасу өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері айқындалған.

Теориялық талдаулар нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделі мен педагогикалық шарттары ғылыми тұрғыда негізделіп, ұсынылған.

Диссертацияның екінші тарауында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын жүзеге асырудың әдістемесі сипатталған. Педагогикалық шарттарды кезең-кезеңімен іске асыруға бағытталған мазмұн, формалар, әдістер мен құралдар жүйесі ұсынылып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері арқылы олардың тиімділігі дәлелденген.

Зерттеудің ғылыми жаналығы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру мәселесін дербес зерттеу нысаны ретінде қарастырып, педагогикалық шарттарды айқындауымен, рухани мәдениеттің өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлерін негіздеуімен, сондай-ақ осы үдерісті жүзеге асыруға арналған теориялық модельді ұсынуымен сипатталады.

Зерттеу нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісін жетілдіруге бағытталып, педагогикалық білім берудің аксиологиялық және тұлғаға бағдарланған тәсілдерінің ғылыми-теориялық негіздерін дамытуға ықпал етеді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы ұсынылған нәтижелерді жоғары оқу орындарының педагогикалық үдерісіне енгізу мүмкіндігімен сипатталады. Зерттеу аясында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруға бағытталған оқу-әдістемелік камтамасыз ету кешені әзірленді. Аталған кешенге мазмұны құндылыққа бағдарланған білім беру идеяларына негізделген элективті курстар, соның ішінде «Бастауыш сынып мұғалімнің рухани мәдениетін қалыптастыру және...» және «Құндылыққа бағытталған білім берудің теориясы мен әдістемесі» пәндері,

ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, РФДИ базасында индекстелетін басылымдарда және Scopus деректер базасына кіретін басылымдарда жарияланған. Эксперимент Е.А. Бокетов атындағы Қарағанды университеті мен І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті базасында өткізілген. Зерттеу нәтижелерін ендіру актілері расталған.

Қорытындылай келе, Асетова Жаннур Асетовнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы мазмұны мен құрылымы жағынан аяқталған, ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыдан негізделген дербес зерттеу болып табылады және философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.


Диссертациялық жұмыс қорғауға ұсынылады және авторға 6D010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) докторлық дәрежені алуға лайық деп есептеледі.

Ғылыми жетекші:

«Академик Е.А.Бокетов атындағы
Қарағанды ұлттық зерттеу
Университеті» КЕАҚ педагогика
факультеті, бастауышта оқыту
педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының
профессор-зерттеушісі,
п.ғ.д., профессор



К.Абильдина



6D010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Асетова Жаннур Бахытовнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің дамуы қоғамдағы әлеуметтік-мәдени өзгерістермен, жаһандану үдерістерімен және құндылықтар жүйесінің трансформациясымен тығыз байланысты. Бұл үдерістер педагог кадрларға қойылатын талаптардың мазмұнын жаңартып, олардың кәсіби даярлығында тұлғаның рухани-адамгершілік сапаларын қалыптастыруды басым бағыттардың біріне айналдырып отыр. Осы тұрғыда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру мәселесі қоғамдық-әлеуметтік сұранысқа ие маңызды бағыттардың бірі ретінде айқындалады.

Бұл мәселенің бастауыш білім беру деңгейінде қарастырылуы кездейсоқ емес, өйткені дәл осы кезеңде білім алушылардың құндылықтық бағдарлары, дүниетанымдық көзқарастары мен мінез-құлықтық ұстанымдарының негізі қаланады. Осыған байланысты бастауыш сынып мұғалімі білім алушы тұлғасының рухани қалыптасуында шешуші рөл атқарады.

Бұл сұраныс Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарында да көрініс тапқан. Атап айтқанда, мемлекеттік білім беру стандарттары, «Педагог мәртебесі туралы» заң және білім беруді дамытудың стратегиялық құжаттары педагогтің кәсіби қызметінде құндылыққа бағдарланған, тұлғаға бағытталған тәсілдерді жүзеге асыруды, оның рухани-адамгершілік сапаларын қалыптастыруды нормативтік деңгейде талап етеді.

Қазіргі заман мұғалімі педагогикалық іс-әрекетінде тек білім берумен шектелмей, білім алушылардың тұлғалық дамуын, олардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруды қамтамасыз етуі тиіс. Бұл оның кәсіби қызметінің мазмұны мен бағыттылығын айқындайтын, рухани құндылықтарын, дүниетанымдық көзқарастарын, кәсіби-этикалық нормалары мен адамгершілік ұстанымдарын біріктіретін кәсіби маңызды тұлғалық сапа ретінде рухани мәдениетінің жоғары деңгейде қалыптасуын талап етеді.

Алайда жоғары педагогикалық білім беру практикасын талдау барысында бірқатар карама-қайшылықтар анықталады: бір жағынан, қоғамның әлеуметтік сұранысы мен нормативтік құжаттарда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыру қажеттілігі айқындалса, екінші жағынан, осы сапаны жүйелі қалыптастыруға бағытталған ғылыми негізделген педагогикалық шарттар мен оны жүзеге асырудың тиімді әдістемесі жеткілікті деңгейде әзірленбеген.

Демек, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісінде олардың рухани мәдениетін кәсіби маңызды тұлғалық сапа ретінде

калыптастыру мәселесі алдыңғы қатарға шығып, бұл бағыттағы ғылыми ізденістердің қажеттілігін арттырады. Осы тұрғыдан алғанда, Асетова Жаннұр Бахытқызының «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі өзекті ғылыми мәселені шешуге бағытталған.

Диссертациялық жұмыс мазмұны жағынан логикалық тұрғыда жүйелі құрылып, кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Зерттеудің ғылыми аппараты талаптарға сай әзірленіп, қарастырылып отырған мәселенің теориялық және практикалық аспектілері өзара сабақтастықта жүйелі баяндалған.

Зерттеудің теориялық деңгейінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негіздері анықталған; «рухани мәдениет» және «болашақ бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениеті» ұғымдарының мәні нақтыланған. Аталған феноменнің құрылымы жүйеленіп, оның компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері айқындалған, сондай-ақ қалыптасу деңгейлері негізделген. Теориялық талдау нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың теориялық моделі әзірленіп, оны жүзеге асырудың педагогикалық шарттары ғылыми тұрғыда негізделген.

Зерттеудің эмпирикалық деңгейінде ұсынылған педагогикалық шарттарды жүзеге асырудың әдістемесі әзірленіп, оқу-тәрбие үдерісіне енгізілген және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексерілген. Эксперимент айқындаушы, қалыптастырушы және бақылау кезеңдері бойынша ұйымдастырылып, алынған нәтижелер сандық және сапалық талдау негізінде өңделген. Нәтижесінде ұсынылған әдістеме мен педагогикалық шарттардың тиімділігі дәлелденіп, болашақ мұғалімдердің рухани мәдениетінің қалыптасу деңгейінің оң динамикасы айқындалған.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруды дербес зерттеу нысаны ретінде негіздеумен, осы үдерістің педагогикалық шарттарын анықтаумен, оның өлшемдік-көрсеткіштік аппараты мен деңгейлерін жүйелеумен және теориялық моделін әзірлеумен сипатталады. Бұл нәтижелер педагогикалық білім берудегі аксиологиялық және тұлғаға бағдарланған тәсілдердің ғылыми негіздерін дамытуға ықпал етеді.

Зерттеудің практикалық мәнділігі ұсынылған нәтижелерді жоғары педагогикалық оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісіне енгізу мүмкіндігімен айқындалады. Зерттеу аясында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруға бағытталған оқу-әдістемелік қамтамасыз ету кешені әзірленген. Аталған кешенге элективті курстар («Бастауыш сынып мұғалімінің рухани мәдениетінің негіздері», «Құндылыққа бағытталған білім берудің теориясы мен әдістемесі»), электрондық оқу құралы (ЭЕМ-ге арналған бағдарлама), «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің құндылық бағдарлары: рефлексиялық күнделік» және «Педагогикалық кейстер мен шығармашылық тапсырмалар» компьютерлік бағдарламалары, «Рухани және

ұлттық құндылықтар сарайы» үйірме бағдарламасы, сондай-ақ «Рухани сыр-сандық» рухани-танымдық Instagram-парақшасы (контент-жоспар және интерактивті тапсырмалар жинағы) енеді және білім беру тәжірибесінде қолдануға ұсынылған.

Жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық шарттарды жүзеге асыру әдістемесінің тиімділігін айқындап, оның нәтижелілігін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалып, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, сондай-ақ Scopus деректер базасына енген ғылыми журналдарда жарияланған. Тәжірибелік жұмыс Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті мен І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті базасында ұйымдастырылып, зерттеу нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу тиісті құжаттармен расталған.

Жалпы алғанда, Асетова Жаннур Бахытовнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы жазылған диссертациялық жұмысының ғылыми жаңалығы дәйекті, практикалық құндылығы жоғары және жан-жақты зерттелген, аяқталған ғылыми жұмыс болып саналады. Осыған орай, диссертант Асетова Жаннур Бахытовнаның зерттеу жұмысын 6D010200 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) докторлық дәрежені алуға лайық деп есептеледі.

Ғылыми жетекші:

«Академик Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды ұлттық зерттеу
Университеті» КЕАҚ педагогика
факультеті, бастауышта оқыту
педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының
профессоры, п.ғ.к.



Б.А.Жекибаева

